

"Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 30 қазандағы № 500 бүйрүғына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 шілдедегі № 315 бүйрүғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 5 тамызда № 9669 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 640 бүйрүғымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 06.12.2016 № 640 (01.07.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 118-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

"Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 30 қазандағы № 500 бүйрүғына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 8913 болып тіркелген, 2014 жылғы 1 наурызда № 42 (27663) "Казахстанская правда" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бүйрүқпен бекітілген Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау ережесінде:

9-тармақта:

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және облыстың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары шоғырландырылған қаржылық есептілікті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті берілген күн оны АЖ арқылы тапсырған күні болып есептеледі.";

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шоғырландырылған қаржылық

есептілігі негізінде республикалық бюджет бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікті, ал облыстың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарының шоғырландырылған қаржылық есептілігі негізінде жергілікті бюджет бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды. ";

мынадай мазмұндағы 9-1-тармағымен толықтырылсын:

"9-1. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган, есеп беру жылшының бірінші жартыжылдықтың нәтижесі бойынша, 1 қазанға дейін 1 шілдедегі жағдайы бойынша республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен есепті жылдан кейінгі жылдың 25 сәуірінен кешіктірмей есепті қаржы жылшындағы республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігі жасалынады. Бұл ретте белгіленген мерзім 2017 жылды қоса алғанда қалыптастырылған жылдық есептерге қолданылады.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жасауының мақсаты мүдделі адамдарды қаржылық қызметтің нәтижелері мен республикалық және жергілікті бюджеттердің қаржылық жағдайының өзгерістері, қаржылық жағдайы туралы толық және дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.";

23-тармақта:

үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

""Ағымдағы қызметті қаржыландыру" баптары (жол коды 011), облыстың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде бюджеттік кредиттерді беру мақсатына арналған айырбас емес операциялардан түсетін кірістер сомасы; нысаналы трансфертер қаражаты есебінен іске асырылатын бюджеттік бағдарламалардан алынған, ағымдағы қаржыландырудан төмен түрған бюджеттердің табыс сомасы алынып тастауға жатады";

он бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

""Өзге кірістер" баптары (жол коды 040), шоғырландырылған қаржылық есептілікте бюджеттік бағдарлама әкімшілері арасындағы ұзақ мерзімді активтер мен қорларды қайтарусыз алу бойынша кірістер сомасы, бір бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер арасындағы қорларды қайтарусыз тапсыру бойынша кірістер сомасы алынып тастауға жатады. Бір бюджеттік бағдарлама әкімшісіне ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер арасындағы бюджеттік қаржыландыру есебінен

алынбаған ұзак мерзімді активтерді тапсыру жағдайынды, онда шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұзак мерзімді активтерді қайтарусыз алу бойынша кірістер сомасы алынып тастауға жатады;";

отыз жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

""Өзге шығыстар" баптары (жол коды 150), шоғырландырылған қаржылық есептілігінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасындағы, бір бюджеттік бағдарлама әкімшісіне ведомствоның бағынысты мемлекеттік мекемелер арасындағы қорларды қайтарусыз тапсыру бойынша шығыстар сомасы алынып тастауға жатады;";

отыз тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

""Ұзак мерзімді активтердің істен шығуы" баптары (жол коды 220), шоғырландырылған қаржылық есептілікте бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасындағы ұзак мерзімді активтерді қайтарусыз тапсыру бойынша шығыстар сомасы алынып тастауға жатады. Бір бюджеттік бағдарлама әкімшісіне ведомствоның бағынысты мемлекеттік мекемелер арасындағы бюджеттік қаржыландыру есебінен алынбаған ұзак мерзімді активтерді тапсыру жағдайынды, онда шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұзак мерзімді активтерді қайтарусыз тапсыру бойынша шығыстар сомасы алынып тастауға жатады".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджеттік ресімдер әдіснамасы департаменті (З.А. Ерназарова):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты белгіленген тәртіpte ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің Орынбасары -

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов